ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШС"Dostyk School Shymkent"
Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА Шымкент
ТОО "Dostyk School Shymkent"
город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2026 жылғы 31 тамыз
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 423
город Шымкент

2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қ.Р. Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау туралы» № 213-НҚ бұйрығына және ШҚББ 2026 жылғы 17 тамыздағы №6 Н/Қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2026 жылғы 1 қыркүйек - 2027 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 26 қазаннан бастап 1 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 14 күн (2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 22-28 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 8-14 ақпанды қоса алғанда):

4-тоқсан - 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2027 жылғы 31 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 (12)-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары - 2027 жылғы 1-17 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

11 (12)-сынып оқушылары үшін:
Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан – **2027 жылғы 1 маусым**;
алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан – **2027 жылғы 4 маусым;**
қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) пәнінен жазбаша емтихан – **2027 жылғы 9 маусым;**
таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын тілі, информатика) – **2027 жылғы 14 маусым**;
қазақ тілінде оқытатын мектептер/сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша емтихан – **2027 жылғы 17 маусым.**

1. Мектеп ұжымы:
   1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 125 бұйрығы-ның талаптарына сәйкес 2026– 2027 оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін.
   2) Жоғарыда баяндалғандар негізінде оқу жылының басталуы мен аяқталуы бойынша уақтылы ұйымдастыру іс – шараларын жүргізсін;
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, басшылық жасау директордың оқу ісі жөнінен орынбасары С.Б.Токбуринаға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: Сексенов.А.Б